

Қазақстан Республикасында сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асырудың ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 шілде N 840. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 қыркүйектегі N 1468 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.29 N 1468 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асырудың ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 29 шілдедегі
N 840 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асырудың ЕРЕЖЕСІ

1. Осы Қазақстан Республикасында сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асырудың ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленген әрі Қазақстан Республикасының аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласына бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу жөніндегі бірыңғай тәртіпті белгілейді.

2. Сәулет-құрылыс бақылау жүйесіне мыналар кіреді:

- 1) Заңмен белгіленген өздерінің бақылау өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасы Индустрия сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті (бұдан әрі - сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган);
- 2) Заңмен белгіленген өздерінің бақылау өкілеттіктері шегінде облыстардың (

республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары ;

3) құрылысты және салынған объектіні пайдалануға қабылдауды тапсырысшының техникалық қадағалауы;

4) жобалау құжаттамасын әзірлеушілердің (авторлардың) құрылысты авторлық қадағалауы ;

5) салынған объектілерді пайдалануға қабылдаған кезде жұмыс, қабылдау және (немесе) мемлекеттік қабылдау комиссиялары.

Сәулет-құрылыс бақылауы басқа мемлекеттік органдар Заңға сәйкес жүзеге асыратын қадағалау қызметімен сүйемелденеді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 647 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

3. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын мыналар жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасының аумағында республикалық маңызы бар құрылыс объектілерін инспекциялауды жүргізу жолымен сәулет-құрылыс бақылауын жүзеге асыратын сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган ;

2) алынып тасталды

3) ведомстволық бағыныстағы аумақта жергілікті, маңызы бар құрылыс объектілерін инспекциялауды жүргізу жолымен облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 647 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

4. Салынған объектіні пайдалануға берудің дайындық деңгейін бағалау жөніндегі қабылдау және жұмыс комиссияларының жұмысын ұйымдастыру тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Салынған объектілерді (кешендерді) пайдалануға қабылдау жөніндегі қабылдау және жұмыс комиссияларының өкілеттіктерін, міндеттерін, сондай-ақ міндетті құрамын белгілеу ережесімен анықталады.

Мемлекеттік қабылдау комиссияларының жұмыс тәртібі және құрамы Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен белгіленеді.

5. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары (қызметтері, лауазымды адамдары) жүзеге асыратын бақылау қызметі тапсырысшыдан (меншік иесінен), жобаларды әзірлеушілерден, келісім берген сатылардан, құрылыс-монтаж жұмыстарын жүзеге асыратын мердігерлерден (бас мердігерлерден), осы объектілердің құрылысына қолданылатын құрылыс материалдарын (бұйымдарын , құрастырмаларын) және жабдықтарын өндірушілерден құрылыстың сапасы

үшін жауапкершілікті алып тастамайды.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 647 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

6. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) құрылыс объектілері - ғимараттар, сондай-ақ ауқымды, жайпақ және желілік құрылыстар:

тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы; инженерлік тораптарды қоса алғанда, коммуналдық мақсаттағы; автомобиль жолдары мен темір жолдар және олардың инфрақұрылымдары; әуе және су көлігіне арналған; көпірлер жол құбырлары, туннельдер, өнім құбырлары және инженерлік құрылыстары бар электр беру желілері; телекоммуникациялық және ғарыштық байланыстар; атом энергетикасына арналған ғимараттар мен құрылыстарды қоса алғанда, энергетика;

кен өндіру өнеркәсібіне арналған ғимараттар мен құрылыстарды қоса алғанда, өнеркәсіптік;

ауыл шаруашылығы, су шаруашылығы, ирригациялық және (немесе) гидротехникалық мақсаттағы;

қорықтардағы, қаумалдардағы, балық питомниктеріндегі, орман, аңшылық және басқа алаптардағы тұрғын, өндірістік және қосалқы шаруашылық мақсаттағы;

әскери қалашықтардағы және арнайы әскери технологиялық кешендердегі;

2) құрылыс-монтаж жұмыстарын жасауға арналған рұқсат белгіленген мақсаттағы объект бойынша осы құрылыс үшін бөліп берілген жер телімінде (құрылыс алаңында) құрылыс-монтаж жұмыстарын жасауға құқық беретін құжат;

3) атқарушы құжаттама - мердігер (бас мердігер, қосалқы мердігер) ресімдейтін жұмыс (жұмыстарды жүргізу) журналдары, жасырын жұмыстарды куәландыру және жауапты құрастырмаларды, геодезиялық схемаларды аралық қабылдау кесімдері, сондай-ақ жобаны тапсырысшының техникалық қадағалауы және әзірлеушілердің авторлық қадағалауы ресімдейтін техникалық және авторлық қадағалау журналдары;

4) құрылыс процесін технологиялық сүйемелдеу - құрылыс процесінде және осы құрылыс бойынша мердігердің (бас мердігердің) атқару құжаттамаларын техникалық сараптауды;

бекітілген жобаға орындалатын (орындалған) жұмыстардың сәйкестігін сарапшылық бағалауды;

осы құрылысқа қолданылатын материалдардың, бұйымдардың,

құрастырмалардың және жабдықтың паспорттары мен сертификаттарының болуын немесе болмауын, олардың мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігін белгілеуді қоса алғанда, мемлекеттік (мемлекетаралық) нормативтер талаптарының сақталуын қамтамасыз ететін уәкілетті жеке және заңды тұлғалардың қызметі.

7. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары өздерінің бақылау функцияларын мердігердің (бас мердігердің), тапсырысшының техникалық қадағалау, жобалық құжаттаманы әзірлеушілердің (жоба авторларының) авторлық қадағалау өкілдерінің қатысуымен жүзеге асырады.

Заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік құрылыс инспекторлары мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын жүргізуге жергілікті сәулет және қала құрылысы органдарын, өзге де мемлекеттік органдардың өкілдерін тартуы мүмкін.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 647 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Әрбір өңір үшін республикалық маңызы бар инспекцияланатын объектілердің тізбесі мен жүйелілігін, сондай-ақ тексеру жүргізу мерзімін сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

Әрбір облыс үшін жергілікті маңызы бар инспекцияланатын объектілердің тізбесі мен жүйелілігін, сондай-ақ тексеру жүргізу мерзімін тиісті жергілікті мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органы белгілейді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 647 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Белгіленген тексерудің мерзімдері туралы хабарлама осы құрылыс объектісі бойынша тапсырысшыға (меншік иесіне), авторлық қадағалау тобына және мердігерге (бас мердігерге) тексеру басталғанға дейін 2 күннен кешіктірмей жіберіледі.

10. Тапсырысшы (меншік иесі) мен мердігер (бас мердігер) мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органы немесе мемлекеттік құрылыс инспекторы осы құрылыс бойынша сұраған жобалық және атқарушы техникалық құжаттаманы, сондай-ақ тиісті жобалар бойынша сараптама қорытындысын береді.

11. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органы (мемлекеттік құрылыс инспекторы) құрылыстарды инспекциялау барысында мыналарды анықтайды:

1) бекітілген жобалау (жобалау-смета) құжаттамасының, жобалар сараптамасының оң қорытындысының, сондай-ақ құрылыс-монтаж жұмыстарын жасауға тиісті рұқсаттың болуы;

2) лицензияланатын сәулет-қала құрылысы қызметінің тиісті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензияның болуы;

3) орындалған (орындалатын) құрылыс-монтаж жұмыстарының, қолданылатын құрылыс материалдары (бұйымдары, құрастырмалары) мен жабдықтардың бекітілген жобалық шешімдерге және мемлекеттік (мемлекетаралық), оның ішінде тіреу және қоршау құрастырмаларының беріктігін, төзімділігін, сенімділігін әрі ғимараттардың (құрылыстардың) пайдалану сапасын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтерге сәйкес келуі;

4) мердігердің (бас мердігердің) құрылыстың сапасына өз өндірістік бақылауының (кірістік, операциялық, қабылдаушылық, зертханалық, геодезиялық және басқа да) барлық түрі мен нысанын ұйымдастыруы және ж ү з е г е а с ы р у ы ;

5) атқарушы құжаттамалардың ресімделуінің уақтылылығы және дұрыстығы.

12. Анықталған бұзушылықтарға не мемлекеттік нормативтерде, өзге де міндетті талаптарда көзделген талаптардан (шарттардан, шектеулерден) ауытқушылықтарға (сәйкессіздіктерге) қарай мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары (не мемлекеттік инспекторлар) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілеріне (субъектілерді білдіретін жауапты адамдарға) мынадай нұсқама бере алады:

1) салынып жатқан объектілерде мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкес келмейтін материалдарды, бұйымдарды, құрастырмаларды және жабдықтарды қолдануға тыйым салу туралы;

2) жол берілген бұзушылықтарды белгіленген мерзімдерде тапсырысшының (құрылыс салушының) және (немесе) мердігер құрылыс-монтаж ұйымының ж о ю ы т у р а л ы ;

3) құрылыс-монтаж жұмыстарын тоқтата тұру туралы.

13. Мемлекеттік құрылыс инспекторларының мынаған құқығы бар:

1) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі субъектілерінен Қазақстан Республикасының аумағында салынуы белгіленген және салынып (қайта жаңғыртылып, кеңейтіліп, жетілдіріліп, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендер туралы ақпарат сұрау және олардан алу;

2) тапсырысшыдан танысу үшін осы құрылыс бойынша қажетті жобалық және атқарушы құжаттаманы, сондай-ақ тиісті жобалардың сараптама қорытындыларын сұрау және олардан алу;

3) салынып (қайта жаңғыртылып, кеңейтіліп, жетілдіріліп, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендерге кедергісіз бару және жүргізіліп жатқан құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасына оралымды инспекциялық т е к с е р і с т е р жү р г і з у ;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген лицензиатқа қойылатын біліктілік талаптарына құрылыс-монтаж жұмыстарын орындаушының (орындаушылардың) және (немесе) құрылыс материалдарын,

бұйымдары мен құрастырмаларын өндірушілердің сәйкес еместігі (толық сәйкес еместігі) туралы лицензиарға және тапсырысшыға (меншік иесіне) хабарлау, сондай-ақ мердігерді (бас мердігерді) ескерту;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе оны қайтарып алу жөнінде шаралар қабылдау қажеттілігі туралы лицензиарға ұсыныстар жіберу;

б) заңнамада белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау және заңнама нормаларын, мемлекеттік нормативтік талаптарды, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында белгіленген шарттар мен шектеулерді бұзушылықтар мен олардан ауытқушылықтарға жол беруге байланысты бұзушыларға заңнамада көзделген шаралар қолдану туралы шешім қабылдау ;

7) жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша құрылыс ұйымдарына берілген нұсқамалардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру.

14. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары құрылыс сапасына тексеру жүргізу нәтижелері бойынша анықтама және уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысаны бойынша анықталған кемшіліктерді жаза отырып, объектілердің ведомосын жасайды әрі оларды жұмысы тексерілген мердігерге (бас мердігерге), сондай-ақ тапсырысшыға (меншік иесіне) береді.

15. Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарының және мемлекеттік құрылыс инспекторларының нұсқамаларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.